

**Жас ерекшелігі 4-5 жас балаларға
арналған “Таным” саласы бойынша
дидактикалық ойындар тізбесі**

- Картотека № 1 “Дәл осындай пішінді тап”
 Картотека № 2 “Үйдің есігін жабайық”
 Картотека № 3 “Үй құрылысының ретін көрсет”
 Картотека № 4 “Бет орамалға лайық жамауларды табу”
 Картотека № 5 “Жұбын тап”
 Картотека № 6 “Әдемі кілемшелер”
 Картотека № 7 “Гараждар”
 Картотека № 8 “Біреу және көп”
 Картотека № 9 “Өз үйінді тап”
 Картотека № 10 “Зат неге ұқсайды?”
 Картотека № 11 “Мынау қай пішін?”
 Картотека № 12 “Айырмашылығын тап”
 Картотека № 13 “Кім зейінді?”
 Картотека № 14 “Сиқырлы қалта”
 Картотека № 15 “Бос торларды сәйкес пішінмен
толықтыр”
 Картотека № 16 “Алақанымызды ұрамыз”
 Картотека № 17 “Қандай пішін жетіспейді?”
 Картотека № 18 “Дүкен”
 Картотека № 19 “Пішіндерді боя”
 Картотека № 20 “Сиқырлы суреттер”
 Картотека № 21 “Сиқырлы қапшық”



- Картотека № 22 “Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта”
- Картотека № 23 “Зейінді бол”
- Картотека № 24 “Үшіншісі артық”
- Картотека № 25 “Ұзын-қысқа”
- Картотека № 26 “Жауап берші”
- Картотека № 27 “Қолымда не бар ?”
- Картотека № 28 “Ұқсастықты тап”
- Картотека № 29 “Қуыршақ қонаққа дайындалуда”
- Картотека № 30 “Құлыпты аш”
- Картотека № 31 “Тапсырманы орында”
- Картотека № 32 “Кім байқампаз?”
- Картотека № 33 “Түрлі-түсті жолақтар”
- Картотека № 34 “Жәндікте неше аяқ бар?”
- Картотека № 35 “Кеңістік”
- Картотека № 36 “Нешінші?”
- Картотека № 37 “Жоғарыда-төменде”
- Картотека № 38 “Қай қолымда көп?”
- Картотека № 39 “Оң және сол”
- Картотека № 40 “Танып ал да, атын ата”
- Картотека № 41 “Тәулік бөліктері”
- Картотека № 42 “Сипаттамасы бойынша тап”
- Картотека № 43 “Қалай жүріп , нені тапқын келеді?”
- Картотека № 44 “Өзара айырмашылығын тап”
- Картотека № 45 “Доппен ойнау”
- Картотека № 46 “Қанша болса, сонша”
- Картотека № 47 “Ойыншықты тап”

- Картотека № 48 “Керісінше айт”
- Картотека № 49 “Жоғарыда-төменде, биік-аласа”
- Картотека № 50 “Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?”
- Картотека № 51 “Карточкаға қандай сан жазылған?”
- Картотека № 52 “Апта күндері”
- Картотека № 53 “Автобус”
- Картотека № 54 “Қиындыларды дұрыс бөл”
- Картотека № 55 “Сан құрастыр”
- Картотека № 56 “Қандай сандар жетіспейді?”
- Картотека № 57 “Ою құрастыру”
- Картотека № 58 “Көрші-көрші ”
- Картотека № 59 “Поезд құрастыр”
- Картотека № 60 “Бір апта” С а н а м а қ
- Картотека № 61 “Заттарды сана”
- Картотека № 62 “Санамақ”
- Картотека № 63 “Дыбыс арқылы санды тап”
- Картотека № 64 “Санамақ”
- Картотека № 65 “Тез ойла”
- Картотека № 66 “Бір үйде біз нешеүміз?”
- Картотека № 67 “Қанша” “Қандай?”
- Картотека № 68 “Қуыршақтың сыйлықтары”
- Картотека № 69 “Әрі қарай кері сана”
- Картотека № 70 “Көп және біреу”
- Картотека № 71 “Жазылмай қалған сандарды ата”
- Картотека № 72 “Қандай пішін шықты?”


Картотека №1 “Дәл осындай пішінді тап”

Геометриялық пішіндерге арналған дидактикалық ойындар

Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Алдыларындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.




Картотека №2 “Үйдің есігін жабайық”

Мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері.

Мазмұны: Қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.




Картотека №3 “Үй құрылысының ретін көрсет”

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету, әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды




Картотека №4 “Бет орамалға лайық жамауларды табу”

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша қағаздан жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер.

Мазмұны: Балаларға бет орамалдың үлгісін таратып беру. Алдыларындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.




Картотека №5 “Жұбын тап”

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері.

Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.



Картотека №6 “Әдемі кілемшелер”

Мақсаты: бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.




Картотека №7 “Гараждар”

Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету.

Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар.

Мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдер таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. “Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар” - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалалы.




Картотека № 8 “ Біреу және көп”

Мақсаты: “Біреу және көп” ұғымын ажырата алуға үйрету.

Мазмұны: Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; Аквариум біреу-балық көп т.с.с

Үшбұрыш үйге кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: “Бұл кім?” деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші көмектеседі. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екенін атап өтеді.



Картотека №9 “Өз үйінді тап”

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер.

Мазмұны: Балаларға түрлі – түсті дөңгелектер тарату, түсін ағау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.




Картотека № 10 “Зат неге ұқсайды?”

Мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін кеңейту; айналадағы заттардың пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту.

Мазмұны:

1-нұсқа. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтынын табады.

2-нұсқа. Үстелдің үстінде геометриялық пішіндер, заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты тандай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтынын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.




Картотека № 11 “Мынау қай пішін?”

Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу.

Құрал-жабдықтары: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5 түрі.

Мазмұны: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны сипап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.



Картотека № 12 “Айырмашылығын тап”

Мақсаты: балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру.

Мазмұны: Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді байланыстырып сөйлеуін қадағалайды. Мысалы: Балалар екі сайқымазақты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең-тар, қалың-жұқа, ұзын-қысқа т.с.с



Картотека №13 “Кім зейінді?”

Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру.

Құрал-жабдықтары: сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер.

Мазмұны: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады.



Картотека № 14 “Сиқырлы қалта”

Мақсаты: заттарды қолмен ұстап, сипалап, санауға үйрету.

Мазмұны: 1-нұсқа. Затты қолмен ұстап санау.

2-нұсқа. Қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау.

Тәрбиеші балалардың ортасына “сиқырлы қалтаны” әкеледі.

Балалардың арасынан бір баланы таңдап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын “сиқырлы қалтаға” салып, кез келген түймелері бар жолақты таңдап алып, қолын “сиқырлы қалтадан” шығармаған күйі түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына /1-5/ сәйкес шифрларды көрсетеді. Ұл балалар Ілиястың, қыздар Айсұлудың неше түйме қадағандағын анықтайды.




Картотека №15 “Бос торларды сәйкес пішіндермен толықтыр ”

Мақсаты: геометриялық пішіндерді танып,атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Құрал-жабдықтары: әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Мазмұны: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.



Картотека № 16 “Алақанымызды ұрамыз”

Мақсаты: зейінділікті,баланың танымдық белсенділігін дамыту.

Барысы: Балалар кілемнің үстіне немесе орындықтарға шеңбер бойына отырады. Тәрбиеші балаларға түрлі сөздерді айтып,жануарды атаған кезде бірден алақандарын ұру керектігін айтып түсіндіреді. Егер балалардың бірі қателессе,ойын қайтадан басталады. Тапсырманы күрделендіруге болады: тәрбиеші жануарды атаса,бала алақан ұрады,өсімдікті атаса,басын изейді.




Картотека №17 “Қандай пішін жетіспейді?”

Мақсаты: геометриялық пішіндерді ағай білуге үйрету. Қандай пішін жетіспейтінін тапқызу.

Құрал-жабдықтары: геометриялық пішіндер. /қораптан алу/

Мазмұны: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздерінді жұмындар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.



Картотека № 18 “Дүкен”

Мақсаты: есте сақтауды, ойлауды дамыту.

Барысы: Тәрбиеші балаға сатып алушы рөлін орындауды ұсынады, баладан “дүкенге” баруды және заттар /3-7/ “сатып алуды” өтінеді. Бала алдын ала дайындалған ойын орнына /дүкенге/ барады, бала неше затты есіне сақтап алып келсе, соншалықты ол мадақтауға лайықты.



Картотека №19 “Пішіндерді боя”

Мақсаты: түстерді тани білуге үйрету. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Құрал-жабдықтары: геометриялық пішіндер

Мазмұны: Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінулерін және шапшаңдықтарын шыңдайды




Картотека № 20 “Сиқырлы суреттер”

Өлшемдер туралы дидактикалық ойындар

Мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі сурет бөлінділері.

Мазмұны: Балалар алдыларындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.





Картотека № 21 “Сиқырлы қапшық”

Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Мазмұны: Балалар “Сиқырлы қапшықтың” ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін түстейді.

Картотека № 22 “Көзінді жұмып, қолыңмен анықта”

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.

Мазмұны: Балалар сипап-сезу арқылы заттың ұзын-қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған “көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта” деген тапсырма береді.



Картотека № 23 “Зейінді бол”

Мақсаты: биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

Құрал-жабдықтары: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Мазмұны: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

Картотека № 24 “Үшіншісі артық”

Мақсаты: ойлауды, заттарды белгілері бойынша топтастыруды дамыту.

Барысы: Тәрбиеші сөздер тобын атайды, мысалы: - жапалақ, қарға, түлкі. Бала ойша жылдам осы үш сөзді талдап, бұл үш сөз тірі табиғатқа жататынын анықтауы керек, бірақ жапалақ пен қарға-құстар, ал түлкі-құсқа жатпайтынын, демек ол артық екенін айту керек. Сөздер тобы:

- шырын, сүт, нан;
- машина, ат, трамвай;
- бөрік, орамал, етік;
- раушангүл, қайың, шырша;
- жаңбыр, қар, өзен;
- дәрігер, саяхатшы, шофер;
- көлеңке, күн, планета;
- өз, боран, қаңтар;
- еніз, бөрік, бассейн;

Картотека № 25 “Ұзын-қысқа”

Мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Мурал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.

Мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

Картотека № 26 “Жауап берші”

Мақсаты: ойлауды, заттардың көлемі, түсі, белгілері мен қасиеттері бойынша топтастыра және атай білуді дамыту.

Барысы: тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: “Не ұзын?” /қысқа/ болады?, Не кен/тар/болады?, Не дөңгелек/төртбұрыш/болады?,”
Мұнда түрлі ұғымдарды қосуға болады: не мамық, жұмсақ, қатты, жылы, суық, қара, және т.б

Мысалы: -Не ұзын болады? /жіп, жол, арқан, кеспе,/. Мұнда қайсысы ұзын: жол ма н/се арқан ба; жіп пе н/се кеспе ме?,- деп сұрауға болады.





Картотека № 21 “Сиқырлы қапшық”

Мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.

Құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар.

Мазмұны : Балалар “Сиқырлы қапшықтың” ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін түстейді.

Картотека № 22 “Көзінді жұмып, қолыңмен анықта”

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар.

Мазмұны: Балалар сипап-сезу арқылы заттың ұзын-қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған “көзінді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта” деген тапсырма береді.



Картотека № 23 “Зейінді бол”

Мақсаты: биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту.

Құрал-жабдықтары: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар.

Мазмұны: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

Картотека № 24 “Үшіншісі артық”

Мақсаты: ойлауды, заттарды белгілері бойынша топтастыруды дамыту.

Барысы: Тәрбиеші сөздер тобын атайды, мысалы: - жапалақ, қарға, түлкі. Бала ойша жылдам осы үш сөзді талдап, бұл үш сөз тірі табиғатқа жататынын анықтауы керек, бірақ жапалақ пен қарға-құстар, ал түлкі-құсқа жатпайтынын, демек ол артық екенін айту керек. Сөздер тобы:

- шырын, сүт, нан;
- машина, ат, трамвай;
- бөрік, орамал, етік;
- раушангүл, қайың, шырша;
- жаңбыр, қар, өзен;
- дәрігер, саяхатшы, шофер;
- көлеңке, күн, планета;
- аяз, боран, қаңтар,
- теңіз, өзен, бассейн;

Картотека № 25 “Ұзын-қысқа”

Мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру.

Мурал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар.


Мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

Картотека № 26 “Жауап берші”

Мақсаты: ойлауды, заттардың көлемі, түсі, белгілері мен қасиеттері бойынша топтастыра және ағай білуді дамыту.

Барысы: тәрбиеші балаларға сұрақ қояды: “Не ұзын?” /қысқа/ болады?, Не кең/тар/болады?, Не дөңгелек/төртбұрыш/болады?,”
қандай түрлі ұғымдарды қосуға болады: не мамық, жұмсақ, қатты, жылы, суық, қара, және т.б

Мысалы: -Не ұзын болады? /жіп, жол, арқан, кеспе,/. Мұнда қайсысы ұзын: жол ма н/се арқан ба; жіп пе н/се кеспе ме?,- деп сұрауға болады.





Картотека № 27 “Қолымда не бар?”

Мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту.

Қажетті құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар.

Мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы: үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап – сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабының дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.

Картотека № 28 “Ұқсастықты тап”

Мақсаты: заттардағы ұқсастықты табу және өз дәлелін негіздей алу іскерлігін дамыту.

Барысы: Балаларға жұпты суреттер ұсынылады /сиыр-ат, қарға-торғай, шаңғы-коньки, трамвай-автобус, сүт-су, жаңбыр-қар/, олар жұп суреттерден көп ұқсастық тауып және өз таңдауларын негіздеулері керек. Ойын қызықты болуы үшін тәрбиеші ойынды жарыс түрінде өткізуіне болады: әрбір дұрыс негіздеме үшін бала жұлдызша алады. Көп жұлдызша алған бала жеңімпаз болады.



Картотека №29 “Қуыршақ қонаққа дайындалуда”

Мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру.


Қажетті жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар.

Мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін киюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантикердің ішінен ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантикермен қуыршақтың шашын әсемдеу.

Картотека № 30 “Құлыпты аш”

Мақсаты: ойлауды, геометриялық пішіндерді түрі және түсі бойынша ажырата білуді дамыту.

Барысы: Тәрбиеші әрбір балаға /2-3/ “кілт” береді, оларда көлемі мен түсі бойынша әртүрлі геометриялық пішіндер бейнеленген. Бөлек үстелде геометриялық пішіндер бар құлыптар бейнесі орналасқан. Балалар осы құлыптарға кілттерді таңдаулары керек, олар орналасқан пішіндерге дұрыс келуі керек.





Картотека № 31 “Тапсырманы орында”

Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

Картотека № 32 “Кім байқампаз?”

Мақсаты: балаларда геометриялық пішіндер туралы түсініктер қалыптастыру, кеңістікте геометриялық текшелерді таба білуін дамыту.

Тәрбиесі: Балалар шеңбер бойында тұрады, тәрбиеші геометриялық пішінді айтып балаға доп лақтырады, бала допты қағып алып, айтылған пішіндегі затты ағайды да, допты кері лақтырады. Мысалы: тәрбиеші “тікбұрыш”десе, бала “сурет” деп жауап береді.



Картотека № 33 “Түрлі-түсті жолақтар”

Мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтары: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар.

Мазмұны: Балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау, Берілген жолақшаның түсі бойынша үстел үстіндегі дәл сондай жолақшаны табу.

Картотека № 34 “Жәндікте неше аяқ бар?”

Мақсаты: 1. Балалардың санау және есептеу дағдыларын қалыптастыру. 2. Жәндіктер туралы түсініктерін жаңғырту. 3. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілік: Ойыншық жәндіктер

Барысы: Тәрбиеші балаларға бірнеше суреттер таратып береді. Бұл суреттерде әртүрлі жәндіктер суреттеледі. Балалардың міндет осы суреттегі жәндіктердің қанша аяғы бар екенін анықтау. Ол үшін суреттегі жәндіктердің аяқтарын санап сол суреттің астына кеспе цифрлар арқылы белгілеп отырады да соңынан ең аяғы көп жәндіктің суретін салу ұсынылады.



Картотека № 35 “Кеңістік”

Кеңістіктер туралы дидактикалық ойындар

Мақсаты: балаларды кеңістікті бағдарлауға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, зейін процесстерін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі заттар бейнеленген суреттер.

Мазмұны: Балалардың алдында үлкен бөлме тұрады. Балаларға суреттер таратып беру. Суреттерді орындарына орналастыруды ұсыну. Мысалы, балықты аквариумға салу, гүлдерді үстелдің үстіне, суретті қабырғаға ілу. Ойын осылайша жалғаса береді.



Картотека № 36 “Нешінші?”

Мақсаты: “Нешінші?” ұғымын қалыптастыру.

Көрнекілік: Топтағы 10 түрлі ойыншықтар

Барысы: Тақтаға 10 түрлі ойыншықтар суреті ілінеді. Ортаға бір бала шығып, қатардан бір ойыншықты алады. Балалар қатардан нешінші затты алғанын алақандарын шапалақтау арқылы көрсетеді. Ойыншықтың атын атау керек. Ойын барысында “нешінші?” деген ұғымды қалыптастыру. ✓



Картотека № 37 “Жоғарыда-төменде”

Мақсаты: жоғары-төмен ұғымдарын пысықтау. Байқағыштықты, зейін, қиялды дамыту.

Құрал-жабдықтары: құстардың, жануарлардың суреттері.

Мазмұны: Бала қораптың ішінен бір суретті алып, атын атап, орнын анықтап үлкен суретке бекітеді. Мысалы, ұшпақ жоғарыда аспанда ұшады, балық төменде су ішінде жүзеді т.с.с

Картотека № 38 “Қай қолымда көп?”

Мақсаты: заттардың екі жиынтығын салыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: асықтар, топтағы ұсақ заттар

Барысы: Балалар екі топқа бөлінеді, оның әрқайсысы алма кезек тәрбиешінің үстеліне өз өкілін жібереді. Бір бала қолын артына ұстайды. Алдымен тәрбиешінің одан соң балалардың бірі оның қолына текше, түйме әртүрлі ұсақ нәрселерді ұстатады. Бірақ ол бір қолда көп, екіншісінде аз болуы керек. Бала алдымен көз мөлшерімен нәрсенің қолында көп екенін анықтау. Қай қатарда көп, қай қатарда аз екенін салыстыру керек.




Картотека № 39 “Оң және сол”

Мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру.

Құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар.

Мазмұны: Бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.



Картотека № 40 “Танып ал да, атын ата”

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Құрал-жабдықтары: әртүрлі ойыншықтар мен суреттер.

Мазмұны: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе такпақ айтып беруді ұсынады.

Картотека № 41 “Тәулік бөліктері”

Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауға, ажыратуға жаттықтыру.

Құрал-жабдықтары: суреттер

Мазмұны: балалар кезектесіп суретті алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды.

Расскази, что произошло на страничке.
Какой это время года?



Картотека № 42 “Сипаттамасы бойынша тап”

Мақсаты: Ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту.

Құрал-жабдықтары: топтағы жануарлар бейнелейтін ойыншықтар.

Мазмұны: Сөреге аю, қоян, қасқыр, түлкі т.с.с ойыншықтар қояды. Әрбір ойыншықты анықтап қарап, атын атайды. Балалардың біреуін бөлмеден шығарып, ойыншықтар туралы жұмбақтар құрастырады, мыс: “Ұзын құлақ, қыли көз, қысқа құйрық” – бұл қай аң? Жұмбақтарды құрастырып болған соң, баланы шақырады. Егер ол жұмбақ дұрыс шеше алмаса, қолына сол ойыншық беріледі де, жұмбақ қайта айтылады.



Картотека № 43 “Қалай жүріп, нені тапқың келеді?”

Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. Оң-сол, алдында-артында ұғымдарын бекіту.

Құрал-жабдықтары: кез-келген ойыншықтар немесе суреттері.

Мазмұны: Тәрбиеші ойыншықтарды топтың әр жеріне қояды: баланың оң жағына - машина, сол жағына – доп, алдына-қуыршақ, артына-зымыран қойып былай дейді: “алдында қуыршақ, оң жағында машина, сол жағында доп, артында зымыран,” қалай жүріп, нені тапқың келеді?




Картотека № 44 “Өзара айырмашылығын тап”

Мақсаты: 1. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу. 2. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру.

Көрнекілік: бала санына /15 дана/ суреттер жинағы.

Барысы: Әр балаға суреттер таратылып беріледі. Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылығын тапқызу.



Картотека № 45 “Доппен ойнау”

Мақсаты: “Жоғары-төменде,” “Сол жақта – оң жақта” ұғымдарын бекіту.

Құрал-жабдықтары: доп

Мазмұны: Балалар екі командаға бөлінеді. Жіп керіліп,оның екі ұшынан ұстап тұруға болады.”Доп төменде”деген бұйрық берілісімен екі бала /әр командадан/ бірден допты жіптің астынан алып өтеді де, “доп жоғарыда” деген бұйрық берілісімен жіптің үстінен лақтырады.Әрі қарай ойынды ойыншылардың келесісі жалғастырады. Ешқандай қате жібермеген команда жеңімпаз болады.



Картотека № 46 “Қанша болса, сонша”

Мақсаты: сандарды тани білуге үйрету, берілген тапсырманы дұрыс орындай білуге жағтықтыру.

Көрнекілік: сандық карточка /”Кеспе сан”/ қалғасынан алу.

Барысы : Тақтаға үш бала шығарып,сандық карточканы көрсетіп, карточкада қандай сан тұрса, сонша қимыл көрсету. Тапсырманы сандарды өзгерте отырып,2-3 рет қайталау.



Картотека № 47 “Ойыншықты тап”

Мақсаты: кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.

Құрал-жабдықтары: топтағы ойыншық

Мазмұны: Тәрбиеші ойыншықты тығып қойып, бір баланы тақтаға шақырады. Тәрбиеші нұсқаумен, мысалы: 1 адым алдыға оңға бұрыл, 2 адым алдыға тура жүр деп ойыншыққа дейінгі жолды айтып отырады. Бала айтылған нұсқаумен дұрыс жүріп отырса, ойыншықты табады.



Картотека № 48 “Керісінше айт”

Мақсаты: Тәулік жөнінде түсініктерін кеңейту. Қарама-қарсы мағыналы сөздермен жауап білуге үйрету.

Көрнекілік: доп

Барысы: Балаға допты беріп қарама-қарсы мағыналы сөзбен жауап беруді сұрайды. Мысалы: “таң” десе, бала “кеш” деп жауап береді.



Картотека № 49 “Жоғарыда – төменде, биік-аласа”

Мақсаты: жоғары-төмен, биік-аласа ұғымдарын пысықтау.

Құрал-жабдықтары: көгілдір аспан, жасыл алқап, өзен бейнеленген сюжетті суретті плакат тақтада. Қорапта ұшақтың, құстардың, балық, аңдар түрлері қатырма қағаздан жасалған.

Мазмұны: Тақтаға бір бала шығып қораптағы бір бейнені алып, атын атап, орынын анықтап сюжетті суретке іледі. Мысалы: Ұшақ жоғарыда-аспанда ұшады, балық төменде-суда жүзеді,-деп сипаттап айту керек.



Картотека № 50 “Неше саңырауқұлақ немесе көкеністер?”

Мақсаты: артық-кем ұғымдарын бекіту.

Көрнекілік: кәрзеңке, саңырауқұлақтар, көкеністер /15 дана/

Барысы: Тәрбиеші балаларға былай дейді: “Саңырауқұлақтың саны үштен кем, бірден артық. Неше саңырауқұлақ бар?”. Кәрзеңкеге көкеніс түрлерін салғызып жаттығуды қайталайды.



Картотека № 51 “Карточкаға қандай сан жазылған?”

Сандық құрамды ажыратуға арналған дидактикалық ойындар

Мақсаты: сандарды айыра білуді

Құрал-жабдықтары: суретті карточкалар

Мазмұны: **1-вариант.** Тәрбиеші карточканың бетіндегі 2 түсті дөңгелекті төмен қаратып қолына ұстап тұрады да, балаларға былай дейді: “Карточкада екі сан” бейнеленген. Егер оларды қоссақ 5 болады. Қай сандар бейнеленген? “Балалар түрліше жауап береді.” Балалардың біреуі карточкада жазылған сандарды атаған кезде тәрбиеші карточканы топқа көрсетеді. **2-вариант.** “Егер 9 дан біреуін кемітсеңдер, сендер менің қолымдағы санды табасыңдар”. Жауабын бірнеше баладан сұрайды. Тәрбиеші сандық карточканы балаларға алдын – ала көрсетеді. Бірінші болып жауап берген бала жеңімпаз атанады. ✓

Картотека № 52 “Апта күндері”

Мақсаты: апта күндерін атап, есте сақтай білуге үйрету.

Көрнекілік: апта күндерін шартты түрде белгілейтін 1-ден 7-ге дейін дөңгелектермен дайындалған карточка.

Барысы: Арнайы дайындалған карточканы көрсетіп, таныстыру. Апта күндерін атау, карточканы таратып беру. Тақтаға шыққан бала карточкаға сәйкес өз атын білу керек. Тәрбиеші бұйрығымен, “дүйсенбі” бір адым алдыға десе, тұрып қалмай алдыға шығу керек. Бұдан соң бала кезекпен ауысып тақтаға шығады.

Картотека № 53 “Автобус”

Мақсаты: санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: сандық карточкалар.

Мазмұны: Алаңға бормен тікбұрыш /автобус/ сызылған. Екі бала бақылаушылар болып, бетіне “5” цифры жазылған үлкен карточканы ұстап тұрады. “Автобуска” сандық карточкаларында бейнеленген дөңгелектердің қосындысы 5 болатын/жол ақысы/ балалар ғана жұптасып отырады. Ойын басталды дегеннен кейін әрбір бала өз сыңарын іздеп табуға тырысады. /2және 3,3 және 1және 4,4 және 1/. Жұптар бірінен соң бірі сапқа тұрады, “автобуска” кіреді, өздерінің сандық карточкаларын көрсетеді, ал “бақылаушылар” жұптардың дұрыс таңдалуын тексереді.

Картотека № 54 “Қиындыларды дұрыс бөл”

Мақсаты: Қиындыларды түсі мен ұзындығы бойынша айыра білуге жаттықтыру.

Көрнекілік: Әрбір балаға ұзындықтары мен түсі әртүрлі, мысалы: 2 қызыл, 1 жасыл, 2 сары, ең ұзын-сары, ең қысқа-қызыл, ұзындықтары бірдей: қызыл, жасыл, сары қиындылар жиынтығы.

Барысы: бірнеше тапсырмадан тұрады.

1-тапсырма. Балаларға барлық қызыл қиындыларды сол жаққа, жасыл қиындыларды оң жаққа, сары қиындыларды ортаға қоюды тапсырады.

2-тапсырма: бірдей қиындыларды бірінің үстіне бірін кигізіп қою.

3-тапсырма: оң жаққа ең қзын, сол жаққа ең қысқа қиындыларды қою.

4-тапсырма: қиындылардың ең қысқасынан бастап, ең ұзынына қарай реттеп, бір қатарға қою.

Тапсырманы дұрыс орындаған столдағы балалар жеңімпаз атанады.


Карточка № 55 “Сан құрастыр”

Мақсаты: санның құрамын пысықтау.

Көрнекілік: суретті карточкалар

Мазмұны: Тәрбиеші бетіне бір сан, мысалы: “6” саны жазылған карточканы көрсетеді. Әрбір бала қосындысы “6” санын құрайтын екі сандық карточканы ккрсетуі тиіс.

Мысалы: бір карточкада 5 дөңгелек, екіншісінде -1 дөңгелек, біреуінде-3, екіншісінде -3 шаршы және т.с.с



Картотека № 56 “Қандай сандар жетіспейді?”

Мақсаты: Сандарды тани білуге, аталған сан арасындағы санды ағай білуге үйрету.

Көрнекілік: сіріңке қорабындағы таратпа материалдағы сандар.

Барысы: Тәрбиеші екі санды ағайды, мысалы: 3-5 десе, балалар қораптан сол сандарды алып, ортасындағы санды қою керек.



Картотека № 57 “Ою құрастыру”

Мақсаты: балаларды сандардың ретін, құрамын оңай табуға, таңбаны айыра білуге дағдыландыру.

Көрнекілік: бірнеше бөліктерге бөлінген ою элементтері

Барысы: 1-вариант. Оюдың элементтерін жекелеп қиып, мысалы: 4 қошқар мүйізді 2-ге бөліп, 8 бөлікті балаларға таратып береді. Түстерін сәйкестендіру, бөліктерін қиюластыру арқылы ою-өрнек құрастырылады.

2-вариант. Ою бөліктерінің келесі бетіне сан жазылады. Өрнекті құрастыру санға сәйкес орындалады.




Картотека № 58 “Көрші-көрші”

Мақсаты: Сан құрамын атап, неше бірліктен тұратынын, сандарды салыстыра білуге үйрету.

Көрнекілік: Кеспе қалтадағы сандық карточкалар: 1-10 дейінгі

Барысы: Тәрбиеші бір санды атайды, мысалы: 7 санын. Тақтаға бір бала шығып аталған санды “кеспе қалтадағы” сандар арасынан 7 санын алып қояды. Тәрбиеші: осы санның көршілерін көрсетіндер дегенде, екі бала шығып 6 және 8 санын көрсетеді. Әр бала өз санын көрсетуі керек, м: 7 саны 6 санынан 1-еуі артық, 8 санынан 1-еуі кем, 7 бірліктен тұрады.




Картотека № 59 “Поезд құрастыр”

Мақсаты: 1-ді қосу таблицасын қайталау.

Көрнекілік: 1-ді қосу таблицасы берілген карточкалар, $0+1, 1+1, 2+1$ т.с.с

Барысы: Тәрбиеші карточкаларды балаларға таратып береді, оларды вагондар, ал бір баланы тепловоз деп тағайындайды. Балалар қолдарындағы карточкаларына қарай отырып, алдымен “тепловозға” ретімен тіркелуі тиіс



Картотека №60 “Бір апта”

С а н а м а қ т а р

Дүйсенбіде доп ойнадық қорада,
Сейсенбіде серуен құрдық далада.
Сәрсенбіде сурет салдық сәнді етіп,
Бейсенбіде би биледік әнді етіп.
Жұма күні жидек тердік қырағта,
Сенбі күні кино көрдік клубта.
Жексенбіде үйде болып дем алдық,
Осылайша өте шықты бір апта



Картотека № 61 “Заттарды сана”

Мақсаты: балалардың назарын дамыту, байқағыштықтарын арттыру.

Көрнекілік: көкеністер түрлері туралы білімдерін бекіту.

Барысы: Тәрбиеші балаларға көкеністердің суреттерін таратып береді. Бір суретте бірнеше көкеніс түрлері болуы тиіс. Балаларға қойылатын талап көкеністер санын анықтау.



Картотека № 62 “Санамақ”

Оң қолымда бес саусак,
Сол қолымда бес саусак.
Қосып едім екеуін,
Болып шықты он саусак.
Оң аяқта бес бақай,
Сол аяқта бес бақай.
Қосып едім екеуін
Болып шықты он бақай.



Картотека № 63 “Дыбыс арқылы санды тап”

Мақсаты: есту мүшелері арқылы баланың ойлау қабілетін арттыру.

Көрнекілік: сіріңке қорабындағы таратпа сандар.

Барысы: Тәрбиеші қарындашпен үстелді дыбыс шығатындай етіп тықылдатады. Балалар тыңдап отырып алдарындағы цифрларынан тиісті санды көрсетеді.



Картотека № 64 “С а н а м а қ”

Екі көз бен қос құлақ
Бір бас пенен бір мұрын
Нешеу болды қос шырақ,
Санап шығар кім бұрын?
Екі аяқ пен екі қол,
Бір ауыз бен бір тілің ...
Нешеу болды қане, бол,
Санап шығар кім бұрын?!
Сұқ саусағым суға барды
Ортан қолым орақ орды.
Аты жоғым ағаш жарды,
Жұмсамапты алақаным,
Тек шынашақ-балапанын.



Картотека № 65 “Тез ойла”

Мақсаты: 1. Заттарды салыстыру, оң жақ, сол жақ сияқты түсініктерін дамыту. 2. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету. 3. Ойын арқылы шапшаңдыққа, тез ойлауға үйрету.

Көрнекілік: топтағы заттармен

Барысы: Тәрбиеші балаға өзінің алдында, оң, сол жақтарында нелер тұрғанын айтқызу. Кеңістікті бағдарлай білуге үйрету.



Картотека № 66 “Бір үйде біз нешеуіміз?”

Кел санайық екеуіміз:
Бас бармағым-әкем,
Балаң үйрек –анам,
Ортан терек-ағам,
Шылдыр шүмек,
Титтей бөбек сен
Бір үйде біз нешеуіміз?



Картотека № 67 “Қанша? Қандай?”

Мақсаты: 1. 1-10ға дейін санауды бекіту. 2. 1-ші, 2-ші ұғымдарымен таныстыру.

Көрнекілік: Сандар / “Шалқан”, “Бауырсақ” ертегісі бойынша /

Барысы: Әр топтағы заттардың санын анықтау. Қораптан керекті санды алып қойып, ертегіні әңгімелеу, сандармен ретін анықтау. “Шалқан” ертегісі бойынша атасы бірінші, апасы екінші, қызы үшінші т.б пайдалана кетуге болады



Картотека № 68 “Қуыршақтың сыйлықтары”

Мақсаты: 1. Сандар мен олардың құрамы туралы білім беру. 2. Ойын ойнау арқылы шапшаңдыққа, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту.

Көрнекілік: Қуыршақ, шарлар

Барысы: Қуыршақтың сыйлық шарлары таратылып беріледі. Балалар ол шарларды үрлеп, қандай түсін және қанша екенін айтады. Үрленетін шарлардың түстері үш түрден аспауы керек. Шардың санымен артық, қандай түсті шардың кем екенін балаларға айтқызу.



Картотека № 69 “Әрі қарай кері сана”

Мақсаты: 10 көлеміндегі сандарды кері қарай санауды қайталау.

Көрнекілік: Доп, сандық карточкалар.

Барысы: Тәрбиеші көлемдегі санды көрсетеді де, бір баланың атын атап: “Әрі қарай кері сана”,-дейді. Ол: “9,8,7” деп санай бастайды. Тәрбиеші балалардың біреуіне қарап доп лақтырады. “7”,-дейді. Допты тосып алған бала “3,2,1” деп жалғастыра береді.



Картотека № 70 “Көп және біреу”

Мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру.

Құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер.

Мазмұны: Балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.



Картотека № 71 “Жазылмай қалған сандарды ата”

Мақсаты: 1. Сандардың реті туралы білімдерін бекіту. 2. Ойын ойнау арқылы байқағыштыққа, тез орналастыруға баулу. 3. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру.

Көрнекілік: 15 дана сіріңке қорабындағы сандар

Барысы: Тәрбиеші балаларға текшелер таратып береді. Ол текшелерде сандар жазылады, сандар ретімен толық жазылмайды. Мысалы: 1 3 5 8 9 ; Балалардың міндеті сол қолдарындағы текшелерден жазылмай қалған санды анықтап атау. Егер сандар ретін анық атап шықса, жұлдызшалармен марапатталады. Ал егер қатарындағы жоқ санды таба алмаса, текшедегі бір сандардың құрамын анықтайды.

Картотека № 72 “Қандай пішін шықты?”

Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу.

Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары

Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?



2

Математикадан дидактикалық ойындар

Тәрбиеші Камелова А.С.

ҚМУҚ Дидактикалық ойындар картотекасы

- «Біреу және көп» дидактикалық ойыны № 1
- «Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны № 2
- «Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 3
- «Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны №4
- «Біреуі артық» дидактикалық ойын № 5
- «Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны №6
- «Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны №7
- «Аңдарды қоректендір» дидактикалық ойын №8
- «Ненің баласы?» дидактикалық ойыны № 9
- «Цирктің әртістері» дидактикалық ойыны. № 10
- «Жыл атасы» дидактикалық ойыны № 11
- «Қанқызын тап» дидактикалық ойыны № 12
- «Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 13
- «Сикырлы қалта» дидактикалық ойыны № 14
- «Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны №15
- «Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны №16
- «Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» дидактикалық ойыны № 17
- «Ненің жұбы болады» дидактикалық ойыны. №18
- «Сандар шатасты» дидактикалық ойыны. №19
- «Не өзгерді» ойыны №20
- «Дауыстап санау» дидактикалық ойыны № 21
- «Адасқан цифрлар» дидактикалық ойыны № 22
- «Сикырлы қапшық» дидактикалық ойын № 23
- «Суретші қай жерде қателесті?» дидактикалық ойыны № 24
- Сөздік ойыны № 25
- «Зандылығын тап» дидактикалық ойыны № 26
- «Не жоқ?» дидактикалық ойыны № 27
- «Өз орнында тап» дидактикалық ойыны № 28
- «Жыл атасы» дидактикалық ойыны № 29
- «Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 30

ҚМУҚ Дидактикалық ойындар жинағы

«Біреу және көп» дидактикалық ойыны № 1

Максаты: «Біреу және көп» ұғымын ажырата алуға үйрету. Тәрбиеші балалардан заттардың арасынан бір және көп заттарды табуды өтінеді. Мысалы: сағат біреу-ойыншық көп; тақта біреу-парта көп; бір аквариум-көп гүл. Үшбұрыш үйшікке кіріп, жарықты жағып, сонда тұра бастады. Бір уақытта біреу есікті қағады. Үшбұрыш: «Бұл кім?» деп сұрайды. Шаршы көрінеді. Балалар оны атайды, егер балалар атын атауға қиналса, тәрбиеші өзі атайды. Бәрі бірге оның бұрыштарын санайды, барлық қабырғаларының бірдей екендігін атап өтеді

«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны № 2

Максаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету. Балалар ак шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды. Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.

«Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 3

Максаты: Геометриялық денелер мен фигуралар туралы білімдерін бекіту; айналадағы заттардың геометриялық пішінін ажырата білу дағдыларын дамыту. 1-нұсқа. Тәрбиеші геометриялық пішінді немесе геометриялық денені балаларға көрсетеді, ал балалар оның қоршаған ортадағы қандай затқа ұқсайтындығын табады немесе естеріне түсіреді. 2-нұсқа. Тәрбиешінің үстелінің үстінде геометриялық пішіндерді немесе заттар мен суреттер жатыр. Бала суретті не затты тандай отырып, оның қандай пішінге ұқсайтындығын айтады. Өзінің жауабын түсіндіреді.

«Айырмашылығын тап» дидактикалық ойыны №4

Максаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге; өз ойын айта білуге үйрету; ақыл-ойларын дамыту; шыдамдылыққа, досының жауабын тыңдай білуге дағдыландыру. Мазмұны. Бұл ойында тәрбиеші сенсориканы, көлемді, кеңістік қатынасын, санын салыстыру үшін белгілі бір мақсатты көздейді. Ары қарай салыстыратын заттардың санын арттыра отырып, бірнеше нұсқаларын қатарынан істеуге болады. Ойын өткен материалды бекітуге арналған. Тәрбиеші балалардың сөйлемді дұрыс байланыстырып сөйлеуін қадағалайды. Балалар екі сайқымазақты салыстырады. Салыстыруда мына сөздер пайдаланылады: кең – тар, қалың – жұқа, ұзын – қысқа.

«Біреуі артық» дидактикалық ойын № 5

Максаты: «Біреу = көп» ұғымын бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; заттарды топтастыра білуге үйрету. Мазмұны. 1-нұсқа. Балалар барлық карточкалардың арасынан бір зат бейнеленген карточканы тауып, атауын айтады, содан кейін көп зат бейнеленген карточканы көрсетеді. Бір бала жауап береді, қалғандары тексеріп отырады. 2-нұсқа. Барлық балаларға карточка үлестіріледі (карточкалар қайталанбайды). Барлық балалар өз карточкасы бойынша жауап береді. Бір партада отырған екі бала бірдей дұрыс жауап қайтарса, олар жұлдыз алады. Қай партада жұлдыз көп болса, солар жеңеді. 3-нұсқа. Балалар өз бетімен партада жұмыс істейді. Жауаптың орнына балалар жай қарындашпен бір зат бейнеленген суретті айналдырып сызады. Кім тез бітсе, сол балаға тағы бір карточка беріледі. Екі немесе үш карточкаға жауап берген балалар жеңімпаз деп саналады

«Сипап сезу арқылы санау» дидактикалық ойыны №6

Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.
Мазмұны. Тәрбиеші үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.

«Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны №7

Мақсаты: Балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту. **Мазмұны.** Тәрбиеші көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан тәрбиешіге лақтырады (үлкен – кіші, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен, аз – көп, қалыңырақ – жұқарак, ұзынырақ – қысқарак, кеңірек – тарырақ, т.б.

«Аңдарды қоректендір» дидактикалық ойын №8

Мақсаты: 1 саны, және цифры туралы алғашқы білімдерін бекіту; қоршаған орта туралы білімдерін кеңейту. **Мазмұны.** Тақтада аңдардың суреті ілінген, ал тамақтың суреті тәрбиеші үстеліне қойылған. - Марат, қалай ойлайсың, бананды қай аңға береміз? Апарып бер. Сен пілдің баласына неше банан бердің? Осы цифрды ата және көрсет. Басқа аңдармен де осындай жұмыс жүргізіледі. - Ал аю нені жақсы көреді? Әрине, балды. - Жолақтары бар карточканы алыңдар. Солдан оңға қарай жоғарғы жолақты, содан кейін төменгі жолақты саусақтарыңмен жүргізіңдер. - Енді жоғарғы жолақтың сол жағына бір аюды қой. Тәрбиеші бірнеше баладан неше аюдан қойғандарын сұрайды. - Төменгі жолаққа сол жақтан оңға қарай балы бар көп бөшкелерді қойыңдар (фишкалар). Тәрбиеші бірнеше баладан жекелей сұрайды: - Қонжықтар нешеу?

«Ненің баласы?» дидактикалық ойыны № 9

Мақсаты: Балалардың «үлкен», «кіші» ұғымдары туралы түсініктерін бекіту; жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. **Мазмұны.** Үлкен және кіші ойыншықтар бөлек тұрады. Бала үлкен ойыншықты тандап алады және оған кішкене ойыншықтарды іріктеп алады (немесе керісінше). Өзінің тандап алған жұбын атайды. Мысалы: ит үлкен, ал күшік кішкентай.

«Цирктің әртістері» дидактикалық ойыны. № 10

Мақсаты: балалардың 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту. **Мазмұны.** 1-нұсқа. Ковралан тақтада жануарлар бейнеленген суреттер әр жерге орналасқан. Тәрбиеші бүгін циркте тек мұнда 2-ден ғана бар әртістер өнер көрсететінін айтады. Балалар суретті тандап, оларды бөлек қойып санайды, көрсетеді, цифрды атайды. 2-нұсқа. 1-нұсқада көрсетілгендей, бірақ бұл жерде мазмұнды суреттер қосылады. Балалар 2-ден болатын заттарды әртістерге таратады. Барлығына жеткендігі тексеріледі, цифрды атайды және көрсетеді. - Қандай заттар бір-бірден қалды? (1 цифрын көрсету, атау). 3-нұсқа. 2-нұсқаға ұқсас, бірақ тапсырма күрделенеді. Жұп заттардың суреттері түсіне, көлеміне қарай іріктеліп алынған: ұзын, қысқа секіртпе үлкен, кіші барабан (тәрбиеші өз нұсқаларын ойлап табуына болады.) Тәрбиеші бір нұсқаны тандайды.

«Жыл атасы» дидактикалық ойыны № 11

Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту. Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі? Тәрбиеші қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, күз айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. - Бүгін жыл атасы бізбен күз туралы әңгімелескісі келеді. Ол бізге сары карточка әкеліпті. - Не үшін сары карточка әкелді? Әрбір карточкада керекті санды қоюға арналған күз айларына сәйкес келетін тор көз бар. Тәрбиеші айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынға қояды. Одан кейін тәрбиеші цифрды атайды, ал балалар айды атайды.

«Қанқызын тап» дидактикалық ойыны № 12

Бізге егістіктен қанқыздары ұшып келді. Олар бір-біріне өте ұқсас. Барлығы оларды ылғи да шатастырады. Олар өздерін бір-біріне ұқсамайтындай етіп жасауларын сұрайды. Оларға көмектесеміз бе? Әрбір қанқызында дақтары оң және сол қанатында бірдей болатындай жаса. Сол жақта неше дақ, оң жақта неше дақ бар екенін сана. Барлығы қанша? Цифрды көрсет. - Екінші қаңқызында сол жағындағы дақтар оң жағына қарағанда артық болсын. Сол жағында неше дақ, оң жағында ше? Барлығы неше дақ? Цифрды көрсет. - Үшінші қаңқызындасол жақтағы дақтары оң жаққа қарағанда кем болатындай жаса. Сол жақта неше дақ, оң жақта ше? Барлығы неше? Көрсет. - Біздің қаңқыздарымызға енді «жасырыну керек», әйтпесе тоңып қалады (топ бөлмесінің әр жеріне қойылады). - Сендер оларды таба аласыңдар ма?

«Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 13

(2-сабақтың нұсқасын қараңыз). - Буратиноның үйіндегі қандай заттар тіктөртбұрышқа ұқсайды? - Міне, барлық қонақтар мерекелік дастарқан басына жиналды. Кім Буратиноға жақын отыр? - Кім Буратинодан алыс отыр? - Кім Карабас-Барабасқа жақын отыр? - Кім Карабас-Барабастан алыс отыр? Үлестірмелі материалмен жұмыс. - Паровозда неше тіктөртбұрыш және дөңгелек бар? Не артық?

«Сиқырлы қалта» дидактикалық ойыны № 14

Мақсаты: Балаларды заттарды қолмен ұстап, санауға үйрету. 1-нұсқа – затты қолмен ұстап санау. 2-нұсқа – қандай зат екенін ұстап көріп, анықтау. Тәрбиеші балалардың ортасына «сиқырлы қалтаны» әкеледі. Балалардың арасынан бір баланы тандап алады. Ол бала көзін жұмып, қолын «сиқырлы қалтаға» салып, кез келген түймелері бар жолақты тандап алып, қолын «сиқырлы қалтадан» шығармаған бойы түймелерді саусағымен санайды. Қалтадан қолын шығарып, санын айтады. Балалар тексереді және түймелердің санына (1-5) сәйкес цифрларды көрсетеді. Ұл балалар Ілиястың, қыздар Айсұлудың неше түйме қадағандығын анықтайды. Балалар әкесіне кафель төсеуге көмектесуді ұйғарады. Бірнеше кафель жерге құлап, сынып қалды. Балаларға оны жинауға көмектесуді сұрайды.

«Шаршы құрастыр» дидактикалық ойыны №15

Үлестірмелі материалдармен жұмыс. Тәрбиеші тапсырманың орындалуын қадағалайды. Егер бала орындауға қиналса, оған көршілес партадағы бала көмектеседі. Мұғалім күрделі шаршыны дұрыс құрастырған бір партадағы балаларға жұлдызша беріп, мадақтайды. - Ілияс пен Айсұлу жануарлардың әрқайсысын өз үйлеріне орналастырмақшы. Тәрбиешінің үстеліне жануарлардың суреттері, ал тақтаның әр бұрышына үйшіктер қойылған.

«Жануарларды орналастыр» дидактикалық ойыны №16

Мақсаты: Балаларды тақтада және қағаз бетінде бағытты таба білуге үйрету. 5 бала кезекпен тақтадағы тапсырманы, ал қалғандары үстелдің үстіндегі парақ қағазда фишкамен орындайды. - Оң жақтағы жоғарғы үйшікке ақтиінді орналастыр. - Сол жақтағы төменгі үйшікке мысықты орналастыр. - Төменгі оң жақтағы үйшікке аюды орналастыр. - Жоғарғы сол жақтағы үйшікке қасқырды орналастыр. - Барлық аңдарға үйшіктер жетті ме? - Неше үйшік екенін санаңдар. Осы санды цифрмен көрсетіңдер. - Неше аң? Цифрмен көрсетіңдер. - Қай сан артық? 4 пе, әлде 5 пе? - Аңдардың қайсысы артық? Неге? Балалардың нұсқалары әртүрлі болуы мүмкін. Балалардың өз ойларын айтуына мүмкіндік беру.

«Ертегі кейіпкерлерінің жұбын тап» дидактикалық ойыны № 17

Мақсаты: Балаларды «жұп» ұғымымен таныстыру. Тақтаға мультфильмнің кейіпкерлері әр жерге ілінген. Балалар бір мультфильмнің екі кейіпкерлерін тауып, оларды жұптастырып қоюлары тиіс. Содан кейін балалар неше жұп болғанын, қайсысы жұпсыз екендігін анықтайды. - Балақай мен Карлсон далаға шығуға дайындалды. Олар өздерімен бірге нені алу керектігін ойланды (спорт құрал – жабдықтары көрсетілген сурет). - Оларға таңдауға көмектесіңдер. Өз таңдауынды түсіндір. - Балақай шаңғы тебуді ұйғарды. Шаңғыны ең қысқасынан ең ұзынына қарай тақтаға қойып шығыңдар. Барлық шаңғының ұзындығын айтып беріңдер. Балақайға шаңғы таңдап беріңдер. Педагог балаларға заттарды қатар қою немесе беттестіріп қою арқылы салыстыруға болатындығын естеріне салады. -Енді балақайға шаңғы таяқтарын таңдауға көмектесуіміз керек. Оларды да ең қысқасынан ұзынына қарай қойып шығыңдар. Шаңғы таяқтарын ұзындығы бойынша атаңдар. Олар қандай?

«Ненің жұбы болады» дидактикалық ойыны. №18

Мақсаты:Балаларға қандай заттардың жұпсыз болуы мүмкін емес екендігін көрсету, «жұп» ұғымын бекіту. Тәрбиеші киімдер мен аяқ киімдер бейнеленген суреттерді көрсетеді. Балалар жұпсыз болмайтын заттарды атайды: шұлық (носки), аяқ киім, қолғап, т.б. Олардың неліктен жұпсыз болмайтындығын түсіндіреді. - Егер Карлсон жай, ал балақай жылдам жиналса, олардың қайсысы далаға бірінші шығады? - Ал қазір Карлсон сендерді таудан шанамен сырғанауға шақырады. Алайда бір шанаға тек екі бала ғана отыра алады, ал үшіншісі - «артық». Кім жылдам қимылдаса, сол шанаға отыруға үлгереді, кім баяу – «үшінші артық адам» болады.

«Сандар шатасты» дидактикалық ойыны. №19

Мақсаты: Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту. Балалар тәрбиешінің берген бұйрығы бойынша көздерін жұмады.Тәрбиеші сандардың орнын ауыстырады немесе алып тастайды.Балалардың көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті тауып, оны жөндейді. Тақтада Айболит және одан алыстау әр жерде аңдар ілінген. - Айболитке емделу үшін қанша аң келді? - Айболит бәріне жақындауды сұрайды. Енді аурулардың саны неше болды? Неге осынша? - Қане, тексеріп көрейік (санайды). - Әр ауру Айболитке бәрінен бұрын жақын келгісі келді.Қалай ойлайсыңдар, Дәрігер Айболит дауласпас үшін аңдарға қандай ақыл берді? (Кезекке тұру). - Кім бірінші? Кім екінші? - Қане, аңдар естеріне сақтау үшін, олар реті бойынша нешінші екенін бірге санап көрейік (бірінші, екінші, үшінші...) - Мүйізтұмсық өзінің нешінші екенін ұмытып қалыпты, қанеки, көмектесіп жіберіңдер. - Түлкі де баласын тербетуге кетіп, келгенде өзінің нешінші екендігін ұмытып қалыпты. - Арыстан ұялы телефонымен сөйлесіп тұрып, дұрыс естімей қалыпты. Ол нешінші еді? Айболит барлығын емдеп, үйлеріне жіберді

«Не өзгерді» ойыны №20

Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру. **Мазмұны:** Тәрбиеші екі жолақты карточканы тақтаға іліп, бірінші жолағына бір алмұрттың суретін, екінші жолағына көп алманың суретін іледі де, балалармен бірге салыстырады. Содан кейін, керісінше, бірінші жолаққа көп алманы, екінші жолаққа бір алмұрттың суретін іледі. Бұдан не өзгергенін сұрайды.

«Дауыстап санау» дидактикалық ойыны № 21

Мақсаты: Дауыстап санауға, қорытынды санды есте сақтауға үйрету. 1-нұсқа. Тәрбиеші үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Тәрбиеші 2-3 баладан қанша рет соғылғанын сұрайды, балалар тақтаға цифрымен көрсетеді. Егер жауаптар әртүрлі болса, тағы да соғып, қайта санатады. 2-нұсқа. Балалар жауап бермейді, дыбыстың санына байланысты цифрды көрсетеді. Тәрбиеші балаларға екі түрлі үйдің суретін көрсетеді. - Үйлердің бір-бірінен қандай айырмашылығы бар? (Биік – аласа, тар – кең, үлкен – кіші).

«Адасқан цифрлар» дидактикалық ойыны № 22

Мақсаты: баланың ойлау жылдамдығын арттыру. **Мазмұны:** Тәрбиеші 2, 4, 6, 7, 3, 5, цифрлары жазылған карточкаларды тақтаға іледі, балалар қалып қойған санды атайды.

«Сиқырлы қапшық» дидактикалық ойын № 23

Қапшықта геометриялық пішіндер: Балалар қолымен ұстап, сезу арқылы қандай пішін екенін айтады. 4.Таяқшалардан әртүрлі пішіндер құрастыру. 5.Тәрбиеші 7 санына байланысты 7 күн, 7 түс, 7 шелпек ұғымдарын түсіндіреді. «Жеті» - көсеу баяғы, Жалғыз оның аяғы. 7 цифрын жазып үйрену, . 7 санының құрамын ажыратып, дәптердегі өзіндік жұмыстарды орындату.

«Суретші қай жерде қателесті?» дидактикалық ойыны № 24

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту, суреттегі сәйкессіздікті таба алға үйрету. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші суретшінің «Қыс» тақырыбына сурет салғанын айтады. Балалардан оның бәрін дұрыс салғандығын тексеруді сұрайды. Балалар қыс мезгілінде болмайтын көріністерді тауып, оның қай мезгілде болатынын айтады.

Сөздік ойыны № 25 1-нұсқа.

Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы сөйлемді таңдайды. Ол сөйлемді бастайды, балалар аяқтайды. Күзде жаңбыр жауады, ал қыста...(қар жауады). Көктемде ағаштар бүршік жарады, ал күзде...(жапырақтар түседі). 2-нұсқа. (көлем туралы). Бұта аласа, ал ағаш...(биік). Бұлақ тар, өзен...(кең). Тәулік бөліктері туралы. - Біз таңертең жаттығу жасаймыз, ал... түскі ас ішеміз. - Біз кешке тамақ ішеміз, ал... жаттығу жасаймыз. - Түнде біз ұйықтаймыз, ал... серуендейміз. - Таңертең ертеңгілік ас ішеміз, ал... ұйықтаймыз. - Күнді күндіз көреміз, ал жұлдызды...көреміз.

«Заңдылығын тап» дидактикалық ойыны № 26

Мақсаты: Балалардың логикалық ойлауын, заңдылықты қоя білу дағдыларын дамыту. Тәрбиеші 9 тор көзден тұратын, олардың алтауы заттармен кезектесіп отыратын кесте бар. 3 зат үстелдің үстінде жатыр. Орналасу заңдылығын анықтап, заттарды өз тор көздеріне қояды. Егер балалар тапсырманы дұрыс орындап, өз әрекеттерін түсіндіруде қиналатын болса, онда тәрбиеші оларға көмектеседі.

«Не жоқ?» дидактикалық ойыны № 27

Максаты: Балалардың зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші шырша ойыншығын жасырады. Балалар қай ойыншықтың жоқ екенін табады. Содан соң тәрбиеші екі ойыншықты алып тастайды, үшінші рет ойыншықтар алынбайды, орындары ауыстырылады.

«Өз орныңды тап» дидактикалық ойыны № 28

Максаты: Цифрлардың сандар қатарындағы орны, көрші сандар туралы білімдерін нақтылау. Тәрбиеші балаларға 0-ден 10-ға дейінгі цифрларды таратып береді. (балалар цифрлар болады). «Цифрлар» музыка ырғағымен билеп жүреді. Музыка тоқтасымен балалар тез бір қатарға тұра қалады. Қалған балалар «цифрлардың» орындарын дұрыс тапқандықтарын тексереді. Содан кейін тәрбиеші бірнеше баладан аталған сандардың көрші сандарын атауды сұрайды.

«Жыл атасы» дидактикалық ойыны № 29

Тақтада – жыл мезгілдері бейнеленген 4 карточка, балаларда – 1 көк карточка. - Жыл атасы бүгін бізге қандай карточканы қалдырады? Неге олай ойлайсыңдар? (Қалған карточкалар алынып тасталынады). - Қыстың алғашқы екі айы қалай аталады? - Оларды өз орындарына қойыңдар. Бір бала тапсырманы тақтада, қалғандары партада орындайды. Түнде аяз күшейіп, Күндіз тамшы тамады. Күн білінбей ұзару, Бұл қай кезде болады? (Ақпан) - Ақпан айы қай айдан кейін болады? - Қыс айларын атаңдар. Содан соң тәрбиеші балалардың бір-біріне сұрақ қоюын сұрайды. Бір бала кез келген айды белгілейтін цифрды көрсетеді, ал қалғандары қай ай екенін айтады. Келесі кезекте бала айды атайды, қалғандары осы айда белгілейтін цифрды көрсетеді.

«Зат неге ұқсайды?» дидактикалық ойыны № 30

Тәрбиеші сопақшаның бөлме ішіне жасырынып қалғанын айтады. Балалар бөлме ішінде сопақша пішіндегі заттарды атайды.

Геометриялық пішіндер Дидактикалық ойындар КАРТОТЕКАСЫ

- № 1 «Артық-кемді ата»
- № 2 «Дәл осындай пішінді тап»
- № 3 «Үйдің есігін жабайық»
- № 4 «Вагондарға дөңгелек таңдау»
- № 5 «Үй құрылысының ретін көрсет»
- № 6 «Бет орамалға лайық жамауларды табу»
- № 7 «Жұбын тап».
- № 8 «Әдемі кілемшелер»
- № 9 «Таныс пішіндер доминосы
- № 10 «Гараждар».
- № 11 «Өз үйіңді тап»
- № 12 «Зейінді бол»
- № 13 «Мынау қай пішін? »
- № 14 «Кім зейінді? »
- № 15 «Қандай пішін шықты? »
- № 16 «Біркелкі пішіндерді сана»
- № 17 «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр»
- № 18 «Қандай пішін жетіспейді? »
- № 19 «Пішіндерді боя»
- № 20 «Сиқырлы суреттер»
- № 21 «Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта»
- № 22 «Сиқырлы қапшық»
- № 23 «Зейінді бол»
- № 24 «Ұзын-қысқа»
- № 25 «Шамдар»
- № 26 «Қолымда не бар
- № 27 «Қуыршақ қонаққа дайындалуда»
- № 28 «Тапсырманы орында»
- № 29 «Қай қолымда көп»
- № 30 «Сипаттамасы бойынша тап»
- № 31 «Көп және біреу»
- № 32 «Түрлі-түсті жолақтар»
- № 33 «Ұзын және қысқа»

№ 28 «Тапсырманы орында» Ойынның мақсаты: үлкен және аз заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: үлкендігі әртүрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді.

№ 29 «Қай қолымда көп» Ойынның мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар–моншақтар, түймелер Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала алдымен көз мөлшерімен қай қолда зат көп, қай қолында аз зат бар екенін анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын салыстырады.

№ 30 «Сипаттамасы бойынша тап» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, кең-тар, биік-аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлардың, құстардың ойыншығы. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтап атын атайды. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады. Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады.

№ 31 «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын білуге үйрету; заттардың тең, тең емес топтарын салыстыру. Ойынның құрал-жабдықтары: көп және бір зат бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балалар берілген суреттерді қарастырады. Көп зат және бір зат бейнеленген суреттерді бөліп, екі жаққа қояды.

№ 32 «Түрлі-түсті жолақтар» Ойынның мақсаты: түстерді атауға, салыстыруға жаттықтыру; берілген тапсырманы орындауға ынталандыру; достық қарым-қатынастарын тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға желімделген әртүрлі жолақшалар. Ойынның мазмұны: балаларға жолақшаларды көрсету, түстерін атау. Берілген жолақшаның түсі бойынша үстелдің үстіндегі дәл осындай жолақшаны табу.

№ 33 «Ұзын және қысқа» Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар. Ойынның мазмұны: балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

№ 21 «**Көзіңді жұмып, қолыңмен анықта**» Ойынның мақсаты: Ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкен-кіші ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: қарындаштар, таяқшалар. Ойынның мазмұны: Балалар сипап – сезу арқылы заттың ұзын - қысқалығын анықтау. Ұзындығы әртүрлі қарындаштар алынады. Жүргізуші бір баланы шақырып, оған «көзіңді жұм да, қарындаштың ұзын-қысқалығын анықта» деген тапсырма береді.

№ 22 «**Сиқырлы қапшық**» Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әр түрлі ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады.

№ 23 «**Зейінді бол**» Ойынның мақсаты: Биік және аласа ұғымдарын бекіту; логикалық ойлауын дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: биік және аласа заттар бейнеленген суреттер немесе ойыншықтар. Ойынның мазмұны: Балаларға биік және аласа заттардың суреттерін немесе ойыншықтарын қарастыруды ұсынады. Әр суретте не бейнеленгенін анықтау. Биік затты көрсеткенде балалар орындарынан тұрады, аласа затты көрсеткенде бастарын төмен түсіреді.

№ 24 «**Ұзын-қысқа**» Ойынның мақсаты: өлшемдердің қасиеттерін қабылдауға үйрету; тапсырманы орындауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақшалар. Ойынның мазмұны: Балаларға ұзын және қысқа жолақшаны көрсету. Өлшемін анықтау. Жолақшаларды таратып беру. Үстелдің үстіндегі жолақшалардың ішінен ұқсас жолақшаны табуға тапсырма беру.

№ 25 «**Шамдар**» Мақсаты: қасиеттері бойынша заттарды топтастыруға, түстерді, өлшемдерді ажыратуға жаттықтыру; зейіндерін дамыту. Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша әртүрлі шамдар Ойынның мазмұны: Балаларға шамдарды таратып беру, шамдардың түсін, өлшемін анықтауды ұсыну. Балалар тәрбиешінің шамын өздерінің шамдарымен салыстырады. Белгі бойынша тәрбиешінің шамына ұқсас шамдары бар балалар ортаға жүгіріп шығады.

№ 26 «**Қолымда не бар?**» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, үлкенкіші, оң-сол жайлы білімдерін бекіту. Түйсіну сезімдерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: ұсақ тастар, жаңғақтар. Ойынның мазмұны: Баланың қолына үлкендігі әртүрлі заттарды ұстату. Мысалы, үлкен және кіші тастар. Бала қолына қарамастан, сипап-сезу арқылы үлкен-кіші заттың оң және сол қолында екенін анықтайды. Қалған балалар оның жауабынын дұрыстығын тексереді. Жуан-жіңішке, ұзын-қысқа өлшемдері бойынша жұмыс осылайша жүргізіледі.

№ 27 «**Қуыршақ қонаққа дайындалуда**» Ойынның мақсаты: ұзын-қысқа, жуан-жіңішке, ұзындығы бірдей деген өлшемдерді салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: ұзындығы, жуандығы, түсі әртүрлі ленталар. Ойынның мазмұны: Қуыршақ қонаққа барады, киімін кюге, шашына бантик таңдауға көмектесуді ұсыну. Көп бантиктердің арасынан ұзындығы бірдей екі бантикті табу керек. Әдемі бантиктермен қуыршақтың шашын әсемдеу.

қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны санап байқап, балаларға көрсетпей атын атайды.

№ 14 «Кім зейінді?» Мақсаты: Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік: Сіріңке қорабында таратпа геометриялық пішіндер. Барысы: Тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады.

№ 15 «Қандай пішін шықты?» • Мақсаты: Таяқшалардан таныс геометриялық пішіндер құрастыра білу. Көрнекілік: Әрбір балаға 10 данадан санағыш таяқшалары Барысы: Тәрбиеші балаларға үш таяқша алып, олардан пішін құрастыруды ұсынады. Қандай пішін шықты? Енді төрт таяқша алып, пішін құрастыру ұсынылады. Қандай пішін шықты? Тәрбиеші тағы да бір таяқша алып, оны шаршының, төртбұрыштың үстіне қоюды ұсынады. Қандай пішін шықты?

№ 16 «Біркелкі пішіндерді сана» Мақсаты: Пішіндерді танып, топтастыра білуге үйрету. Ойлау қабілетін, қол қимылын жетілдіретін. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер суреттері бар, таратпа суреттер. (15 дана) Барысы: Әр балаға пішіндер суреттері бар, суреттер таратылып беріледі. Суреттерден біркелкі пішіндерді санап атау.

№ 17 «Бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту. Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер. Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.

№ 18 «Қандай пішін жетіспейді?» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді атай білуге үйрету. Қай пішін жетіспейтінін тапқызу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер. (Қораптан алу) Барысы: Тақтаға геометриялық пішіндер қойылады. Балаларға көздеріңді жұмыңдар деп, бір пішінді алып қояды. Балалар қай пішін жетіспейтінін табады.

№ 19 «Пішіндерді боя» Мақсаты: 1. Түстерді тани білуге үйрету. 2. Ойын элементтерін пайдалана отырып математикаға қызығушылықтарын арттыру. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер Барысы: Балаларды ұйымдастырып, оларға ақ бет қағаздағы пішіндердің суреттері таратылып беріледі. Бұл суреттегі пішіндер боялмаған. Тәрбиеші балаларға тақтаға боялған пішіндерді ұсынады. Балалардың міндеті сол тақтадағы түстеріне қарап алдарындағы пішіндерді сондай түспен бояйды. Мұндай ойын балалардың түсінулерін және шатшаңдықтарын шыңдайды. Өлшемдер туралы дидактикалық ойындар

№ 20 «Сиқырлы суреттер» Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін, қабылдау процесстерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әр түрлі сурет бөлінділері. Ойынның мазмұны: Балалар алдарындағы үлгі бойынша бөлінділерден сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.

жасалған бет орамалдардың үлгісі, әртүрлі пішіндер. Мазмұны: Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.

№ 7 «**Жұбын тап**» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналасқан геометриялық пішіндердің суреттері. Мазмұны: Балаларға геометриялық пішіндер орналасқан суреттерді тарату. Үлгі ретінде бір суретті көрсетіп, дәл осындай суреттің жұбын табуды ұсыну. Суреттердің дұрыстығын тексеру үшін оларды салыстыру.

№ 8 «**Әдемі кілемшелер**» Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды.

№ 9 «**Таныс пішіндер доминосы**» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: Балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар сурет сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді.

№ 10 «**Гараждар**» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту; ойлау қабілеттерін дамыту; жағымды көңіл-күйлерін қамтамасыз ету. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша суреті бар рульдер, дәл сондай суреті бар гараждар. Ойынның мазмұны: Балалар жүргізуші болады. Қолдарына суреті бар рульдерді таратып беру. Белгі бойынша балалар көліктерін жүргізіп ойнайды. «Көліктеріңді гараждарыңа апарып қойыңдар» - деген кезде, рульдегі суретіне ұқсас суреті бар гараждың жанына барып тұра қалады.

№ 11 «**Өз үйіңді тап**» Ойынның мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету. Ойынның құрал-жабдықтары: түрлі-түсті дөңгелектер. Ойынның мазмұны: Балаларға түрлі-түсті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады.

№ 12 «**Зейінді бол**» Мақсаты: Күрделі геометриялық суреттен үшбұрышты, төртбұрышты, шеңберді көрсете білу. Көрнекілік: Геометриялық пішіндер кескінделген суреттер Барысы: Тәрбиеші көрсеткіш таяқшамен бірінші /екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы/ суретті нұсқап, балаларға мынадай сұрақ қояды: Суреттен қандай таныс пішінді көресіңдер? Әрбір суретте өзара ұқсас неше пішін бар? Есептеу кезінде аз қателескен қатар ұтып шығады.

№ 13 «**Мынау қай пішін?**» Мақсаты: Геометриялық пішінді сипалап анықтау арқылы айта білу. Көрнекілік: Картоннан жасалған геометриялық пішіндер 5-түрі. Барысы: Бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның

Геометриялық пішіндер Дидактикалық ойындар КАРТТЕКАСЫ

№ 1 «**Артық-кемді ата**» Мақсаты: Балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету. Көрнекілік: Ою-өрнектер, геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы, геометриялық пішіндер. Барысы: Балалар геометриялық /үшбұрыш, шаршы, дөңгелек және с. с. / пайдаланып, мұғалімнің тапсырмасына үндеместен жауап беруі тиіс. Тәрбиеші тапсырма береді, балалар оны орындайды. : а/дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойыңдар /үш дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/; б/мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар /бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді/; в/дәл осындай пішінді көрсетіңдер /дөңгелекті көрсетеді/және осыларға сәйкес тапсырмаларды көрсетіндер. Ойын соңында қорытынды шығарылады. Қатені аз жіберген қатар ұтып шығады. Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді.

№ 2 «**Дәл осындай пішінді тап**» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады.

№ 3 «**Үйдің есігін жабайық**» Ойынның мақсаты: заттарды өлшемі бойынша салыстыруға, жуан және жіңішке заттарды ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

№ 4 «**Вагондарға дөңгелек таңдау**» Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: Балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады.

№ 5 «**Үй құрылысының ретін көрсет**» Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. Мазмұны: Балаларға үйдің суретінің үлгісін көрсету. Балаларға әртүрлі жолақшаларды, пішіндерді таратып беру. Үлгіге қарап осы пішіндерден үйді құрастыруды ұсыну.

№ 6 «**Бет орамалға лайық жасауларды табу**» Мақсаты: геометриялық пішіндерді ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Құрал-жабдықтары: бала саны бойынша қағаздан